

2014 жылға арналған Степногорск қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қаңтардағы № а-1/2 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 ақпанда № 4001 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 03-46ш/379 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 10.02.2015 № 03-46ш/379 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2014 жылға арналған Степногорск қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімі аппаратының басшысы Е.В.Тарасоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының әкімі *М.Тақамбаев*
Степногорск қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 10 қаңтардағы № а-1/2
қаулысымен бекітілген

2014 жылға арналған Степногорск қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--

Елді пунктiнiң атауы	Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушiлердiң саны				Мектепке дейiнгi ұйымдардағы жан басын шаққандағы бiр айға қаржыландыру мөлшерi (теңге)			
	Балабақша		Күндiз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндiз толық қатынайтын шағын орталық	
	мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк
Степногорск қаласы	0	100	0	25	0	20733	0	14887
Ақсу кентi	0	0	40	0	0	0	14887	0
Степногорск ауылы	0	0	20	0	0	0	14887	0

кестенің жалғасы

Бiр тәрбиеленушiге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				Мектепке дейiнгi ұйымдардағы ата-аналардың бiр айi төлемiнiң мөлшерi (теңге)			
Балабақша		Күндiз толық қатынайтын шағын орталық		Балабақша		Күндiз толық қатынайтын шағын орталық	
мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк	мемлекеттiк	жеке меншiк
0	20733	0	14887	0	15000	0	15000
0	0	14887	0	0	0	8000	0
0	0	14887	0	0	0	8000	0